



ШЖҚРМК Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік
университетінің ректоры м.а.


Г.С.Джарасова

« 20 » 11 2019 ж.

**ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ УНИВЕРСИТЕТШІЛІК КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**


СМЖ № 180

Атырау 2019 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	2-бет, 43 беттен тұрады


Алғы сөз

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** Ғылым департаменті
2. **ЕНГІЗГЕН:** Сапа менеджмент жүйесі қызметі
3. **ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:**
А.А.Мусаева - ғылым департаментінің директоры
4. «20» 11 2019ж. **БЕКІТІЛДІ және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**
5. **ЕНГІЗІЛДІ:** бірінші басылым.
6. Құжатты **ҚАЙТА ҚАРАУ** мерзімділігі 3 жылда 1 рет.
 Құжатты кейінгі **ТЕКСЕРУ** – 2022 жыл.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	3-бет, 43 беттен тұрады


Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	5
3	Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары	6
4	Гранттық қаржыландыруға арналған өтінімнің нысаны мен мазмұнына талаптар, қоса қаржыландырудың көлемі және жағдайлары	11
5	Әлеуетті орындаушыларға қойылатын біліктілік талаптар, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де мәліметтер мен ерекше талаптар және қаржыландыру сомасы	12
6	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысу өтінімі нысанының талаптары	15
7	Нормативтік сілтемелер	15
8	Өзгерістер	16
9	Келісу, сақтау және жіберу	16


 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	4-бет, 43 беттен тұрады

1 Жалпы ережелер

- 1.1 Конкурс «Қазақстан-2050» Стратегиясын, Елбасының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауын, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және басқа да бағдарламалық құжаттарды іске асыруға бағытталған 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды (іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер) гранттық қаржыландыру бойынша өткізіледі.
- 1.2 Конкурстың мақсаты - университет ғылымының дамуына ықпал ету; университеттің, академиялық және салалық ғылымның интеграциясына ықпал ету; зерттеу саясатының инновациялық негізін құру; жаңа перспективалы ғылыми бағыттарды дамыту, соның ішінде ғылыми жұмыстың нәтижелері (жоғары коммерциялық бәсекеге қабілеттілік, инвестициялық қызығушылық, маркетингтік зерттеулердің болуы) көп салалы.
- 1.3 Осы 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманы (бұдан әрі – Конкурстық құжаттама) ғылым саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүргізу қағидаларына сәйкес 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа (бұдан әрі – конкурс) қатысуға өтінімдерді дайындау мақсатында әзірледі.
- 1.4 Грант (субсидия) университеттің ғылыми-зерттеу жобаларын қаржылай қолдаудың бір түрі болып табылады және университеттің бюджеттен тыс есебінен қаржыландырылады.
- 1.5 Гранттар конкурстық негізде беріледі және санаттарға бөлінеді: 2 млн.теңгеге дейінгі шағын гранттар, 4 млн.теңгеге дейінгі орташа гранттар, 6 млн.теңгеге дейінгі ірі гранттар.
- 1.6 Гранттың әрекет ету мерзімі: 1 жылдан 3 жылға дейін. Гранттар санаты мен гранттардың жалпы саны конкурстың нәтижелері бойынша анықталады және университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.
- 1.7 Ғылыми жобаны тіркеуге жауапты орындаушы «Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ға (бұдан әрі - ҰМҒТСО) белгіленген үлгідегі тіркеу карточкасын жұмысты қаржыландыру басталған сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей жібереді. Жауапты мердігер ҰМҒТСО-на келесі жағдайларда тіркелген жұмыстың өзгергені туралы 30 күн ішінде хабарлауға міндетті: жоба атауының өзгеруі, жұмыстың аяқталу немесе

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	5-бет, 43 беттен тұрады

- аяқталу мерзімі, жұмыстың өзгеруі (жаңадан берілген тіркеу картасы жіберіледі).
- 1.8 Жұмыстың соңында жауапты орындаушы ҰМҒТСО-на жоба туралы қорытынды есепті ГОСТ 7.32-2001 редакциясына сәйкес ұсынады және аяқталған кезеңдер туралы ақпараттық карта жасайды.
 - 1.9 Ғылыми жұмыстың аяқталғаны туралы ғылыми есеп (7 қосымша) университет ректорымен бекітіліп, ғылым департаментінде 5 жыл сақталады. Қаржыландырудың жылдық жалпы сомасы университет ректорымен бекітіледі.
 2. **Қысқартулар**
Осы ережеде келесі қысқартулар қолданылады:
ҒЗЖ - ғылыми-зерттеу жұмысы;
ТКЖ – тәжірибелік-конструкталық жұмыс;
СМЖ -сапа менеджменті жүйесі қызметі;
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;
ҒжП – ғылым жөніндегі проректор
ОІжП –оқу ісі жөніндегі проректор;
ҚР – Қазақстан Республикасы;
ҚБЖ–құрылымдық бөлімшенің меңгерушісі.
ҰМҒТСО –Ұлттық мемлекеттік ғылыми - техникалық сараптама орталығы
 3. **Байқаудың тәртібі мен ұйымдастырылуы**
 - 3.1 Университеттің Ғылыми кеңесі осы гранттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға қаражат көлемін анықтайды және грантты бөлу туралы шешім ректордың бұйрығымен бекітіледі.
 - 3.2 Ғылым департаменті Конкурстың барысын үйлестіреді: Конкурс және оның нәтижелері туралы ақпараттық бюллетень ұсынады, құжаттаманы университеттің ресми сайтында орналастырады; құрылымдық бөлімшелер туралы хабарлайды; Грант алушының аяқталған жұмысы туралы есептерді алады және мәліметтер базасын қалыптастырады.
 - 3.3 Ғылыми-техникалық кеңес байқау өткізілетін ғылыми бағыттарды анықтайды; байқауға ұсынылған жұмыстарға сараптама жүргізеді; байқаудың күнін және қорытындысын анықтайды.
 - 3.4 Ғылыми-техникалық кеңестің міндеттері:
 - 1) жеңімпаздардың өтініштерін қарау және айқындау кезінде ашықтық, қол жетімділік, объективтілік, жариялылықтың сақталуын бақылау;
 - 2) берілген өтінімдердің Байқау шарттарына сәйкестігін тексеру;
 - 3) жобаларға сараптама жүргізу;
 - 4) қорытынды шешімді қабылдау және Конкурс жеңімпаздарын жариялау;
 - 5) мердігер мәлімдеген зерттеулерді қаржыландырудың жоспарланған мөлшерін түзету құқығы.
 - 3.5 Жеңімпаз оның сметасын түзетуге келіспеген жағдайда өтінімі қабылданбауы мүмкін.
 - 3.6 Грант университеттің ғылыми-техникалық кеңесі сараптамасының нәтижелері бойынша ең көп балл жинаған қатысушыға беріледі. Конкурсқа ұсынылған жұмыстарды ғылыми-техникалық кеңестің сараптамасы үшін «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және өткізу ережелері» (Үкіметтің №588 Қаулысы) негіз болып табылады.
 - 3.7 Ғылыми-техникалық Кеңес және Ғылыми Кеңес қорытынды шешім қабылдайды, оны хаттамамен ресімдейді.
 - 3.8 Конкурс жеңімпаздарымен нәтижелер жарияланғаннан кейін бес күн ішінде Университет ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін еңбек шартына қосымша

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	6-бет, 43 беттен тұрады

келісім жасайды.

- 3.9 Конкурса ұсынылған ғылыми жобаларды дайындау ережелеріне сәйкес өтінімдер материалдары Ғылым департаментінде сақталады.
Жобаның жетекшісі жобаның орындалуын, оның сапасы мен мерзімін, бөлінген қаржының мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылайды.
- 3.10 Гранттық жобаның жетекшілері қажетті есептік материалдардың берілуін бақылайды: тоқсанның нәтижелері бойынша - аннотацияланған есеп және аяқталған жұмыс туралы акт, жылдың нәтижелері - аралық есеп және аяқталғаннан кейін 2006 жылдың қазан айындағы ГОСТ 7.32-2001 редакциясына сәйкес қорытынды есеп ұсынады.
- 3.11 Ағымдағы тоқсандық бақылауды жүзеге асыру үшін жобаны орындаушылар ғылыми-зерттеу жұмыстың есебін ғылыми-техникалық кеңеске талқылау және бекітуге ұсынады, ал аралық (жылдар бойынша) және қорытынды бақылауға, жоба орындаушылары зерттеу туралы есепті ғылыми-техникалық кеңес пен университеттің Ғылыми кеңесінде талқылауға және бекітуге ұсынуы керек.
- Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары**
- 4 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған 2017 жылғы 15 тамыздағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 410 бұйрығымен бекітілген 2018-2020 жж. конкурстық құжаттамаға сәйкес.


4.1

Басым бағыттар

Мамандандырылған ғылыми бағыттар

1. Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын тиімді пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен құрылымдар

- 1.1 Химия ғылымы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер
- 1.2 Топырақ ғылымы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер
- 1.3 Пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру және геология
- 1.4 Минералды шикізаттарды кешенді пайдалану
- 1.5 Су, топырақтық және биологиялық ресурстарды басқару
- 1.6 Қоршаған орта объектілерін және «жасыл» технологияларын мониторингтеу
- 1.7 Көмірсутек шикізаттарын кешенді өңдеу
- 1.8 Композициялық материалдар
- 1.9 Наноматериалдар мен нанотехнологиялар
- 1.10 Биомедициналық материалдар мен биологиялық белсенді заттар
- 1.11 Табиғи шикізаттар пен техногендік қалдықтардың негізінде көп мақсатта қолданылатын жаңа материалдар
- 1.12 Өнеркәсіптік биотехнология
- 1.13 Биопрепараттардың продуценттер штаммдарын өндіру технологиясы
- 1.14 Пайдалы қазбалардың кен орындарын өңдеу, барлау және іздеу жүйелері
- 1.15 Табиғи және техногендік кен шикізаттарын байыту,

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	7-бет, 43 беттен тұралы

кешенді алу және қайта өндіру жүйелері.

1.16 Кенсіз пайдалы қазбаларды қолдану мен шығару

1.17 Металдармен материалдарды өндіру және өңдеу

1.18 Суды тиімді пайдалану жүйелері

1.19 Ағын суларды, газдан тазалау және тозаң тұтуды тазалау жүйелері

1.20 Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жүйелері

1.21 Биологиялық түрлілікті қолдау жүйелері

1.22 Парниктік газдар шығарындыларының деңгейін төмендету және энергияның баламалы көздерін қолдану жүйелері

1.23 Жерлердің шөлейттенуін және тозуын болдырмау бойынша жүйелер

1.24 Ақпараттық жүйелер және деректер базасы

1.25 Каталитикалық жүйелер мен технологиялар

1.26 Арнайы қасиеттері бар полимерлі материалдар

1.27 Тоқыма және жеңіл өнеркәсіптер үшін функционалдық материалдар

1.28 Ғимараттар мен имараттардың жаңа құрылыс құрылымдары, құрылыс материалдар мен бұйымдарды өндіру технологиялары, сейсмотұрақты құрылыс және имараттардың қауіпсіздігі, жаңа архитектуралық нысандар

2. Энергетика және машина жасау

2.1 Жылу және электр энергетикасы және энергетикалық сектордың қоршаған ортаға тигізетін әсері, энергия үнемдеу

2.2 Баламалы энергетика және технологиялар: энергияның жаңартылған көздері, ядролық және сутектік энергетика, энергияның басқа көздері

2.3 Көліктік, ауылшаруашылық, мұнайгаз және тау-кен-металлургиялық машина жасау

3. Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар, жаратылыстану саласындағы ғылыми зерттеулер

3.1 Зияткерлік ақпараттық технологиялар

- Басқару және шешімдерді қабылдау зияткерлік жүйелері (оның ішінде, нақты уақыт тәртібінде)

- Сөйлеу технологиялары және компьютерлік лингвистика

- Кескіндерді өңдеу және бейнелерді танып білу

- Биоинформатика


- Машиналық оқыту (machine learning)

- Зияткерлік роботты техникалық жүйелер

- Макроэкономикалық саясаттың, қор және қаржы нарығының зияткерлік ақпараттық технологиялары

- Ғылыми және электрондық білім беру процестеріндегі смарт технологиялары

- Индустрия үшін жаңа технологиялардың негіздері: қосымша және виртуалды шынайылық жүйелері, 3D-принтинг және басқа аддитивті өндірісі, Заттар интернеті

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	8-бет, 43 беттен тұрады

3.2 Телекоммуникациялық технологиялар

- Байланыс, мәліметтерді жіберу желілері жүйелерінде басқару және оңтайландыру (оның ішінде, мультисервистік платформаларда: мобилдік және ойын интернет технологияларында)
- Телекоммуникациялық жүйелердегі технологиялар және бағдарламалық-техникалық құралдар
- Онлайн сауда, цифрлық банкинг және басқа да цифрлық қызмет үшін ақпараттық-коммуникациялық жүйелер

3.3 Ғарыштық технологиялар:

- Ғарыштық және геодинамикалық процестерді, табиғи ресурстарды және Жерді қашықтықтан зондтауды мониторингтеу және болжау
- Ғарыштық техника және жерүстілік-ғарыштық инфрақұрылымдар үшін аппараттық-бағдарламалық құралдар мен аспаптарды әзірлеу технологиялары
- Алыс және жақын ғарышты зерттеудің ғылыми және эксперименттік базасын дамыту

3.4. Жоғары өнімділік есептеу технологиялары

- Бұлттық, параллельдік және үлестірілген есептеулер
- Big-data технологиялары
- Геоақпараттық технологиялар және жүйелер
- Есептеу жүйелерінің сәулеті және техникалық қамтамасыз етуді жобалау технологиялары: Бағдарламалық логикалық интегралдық сұлбасы, кристаллдағы жүйе және т.б.
- Ақпараттық-іздістіру жүйелері

3.5. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау әдістері мен жүйелері

- Ақпараттық қауіпсіздіктің күрделі жүйелері мен деректерін қамтамасыз етудің әдістері мен алгоритмдері
- Ақпаратты қорғаудың технологиялары және бағдарламалық-техникалық құралдары


3.6. Жаратылыстану ғылымы саласындағы ғылыми зерттеулер

- Математика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер
- Физика және астрономия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер
- Информатика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер
- Математика, физика және астрономия салаларындағы математикалық және компьютерлік модельдеу

4. Өмір және денсаулық туралы ғылымдар

4.1 Биология саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер

- Молекулалар үстіндегі кешендердің биомолекулалық

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	9-бет, 43 беттен тұрады

құрылымы және функциялары. Геннің дәлділігін, жасушалық белгінің жүйелерін реттеудің молекулярлық-генетикалық механизмдері. Молекулярлық медицина. Биоэнергетика. Биоинформатика

- Өсімдіктердің, жануарлар мен адамның өмір сүруінің физиологиялық, биохимиялық және молекулярлық-генетикалық механизмдері, олардың мекен ету ортасының биотикалық және абиотикалық факторларына бейімделуі

- Микроағзалардың, саңырауқұлақтар мен балдырлардың өмір сүруінің биохимиялық, физиологиялық және молекулярлық-генетикалық механизмдері. Оларды биотехнологияда қолданудың теоретикалық және практикалық негіздері

- Экологияның мәселелері. Қазақстан Республикасының өсімдік және жануар әлемінің биоәртүрлілігін сақтау мәселелері және жағдайын бағалау. Биологиялық ресурстарды рационалды пайдалану және ұдайы өндірісінің ғылыми негіздері.

- Жаңа дәрілік заттарды іздестіру, олардың фармакологиялық зерттеуі және дәрілік препараттардың өзіндік өндірісінің технологиялары

4.2 Ғылыми-инновациялық биомедицина

- Регенерациялық медицина (жасушалық технологиялар, жасанды мүшелер)

- Медицина және наномедицинадағы биотехнологиялар

- Дербестендірілген және трансляциялық медицина

4.3 Қоғамдық денсаулықтың негізі ретінде профилактикалық ортаны қалыптастыру. Экология және денсаулық.

4.4 Әлеуметтік маңызды аурулардың ауыртпалығын төмендету

4.5 Еркек және әйел адамның репродуктивтік денсаулығы.

Салауатты балалық шақ.

4.6 Отандық фармацевтикалық ғылымды және өнеркәсіптік биотехнологияны дамыту

1. Әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер

1.1. Ғылымды қажет ететін бәсекеге қабілетті өндірістердің (экономикалардың) дамуын әлеуметтік-экономикалық жағдайларын зерттеу

1.2. Заманауи жағдайдағы мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатын іске асыру саласындағы зерттеу

1.3. Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер

1.4. Қоғам мен мемлекетті жаңғырту жағдайындағы мәдениет, дәстүрлер, құндылықтар салаларындағы

5. «Мәңгілік Ел»

ғылыми негіздері

(XXI ғасырдың

білімі,


гуманитарлық

ғылымдар

саласындағы іргелі

және қолданбалы

зерттеулер)

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	10-бет, 43 беттен тұрады

зерттеулер

2. XXI ғасырдың білім беру мәселелерінің іргелі және қолданбалы зерттеулері

3. Қоғамдық сананы жаңғырту мәселелерінің іргелі және қолданбалы зерттеулері:

3.1. Жаңа гуманитарлық білім.

3.2. Туған жер. Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім

3.3. Қазақстанның рухани қасиетті жерлері. Қазақстанның киелі географиясы.

3.4. Тарих, мәдениет және тіл ортақтылығы. Жаһандық әлемдегі заманауи қазақ мәдениеті.

6. Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі

1. Мал шаруашылығының қарқынды дамуы

2. Ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

3. Қарқынды егін және өсімдік шаруашылығы

4. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

5. Ауыл шаруашылығы өнімдерін және шикізатты қайта өңдеу мен сақтау

6. Агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуды техникалық қамтамасыз ету

7. Ауыл аумақтарын тұрақты дамыту

8. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін ендіру және коммерцияландыру

7. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс таңбасыз) және (күпия

Іргелі ғылыми зерттеулер

1. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің жалпы теориясы
Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту

Қолданбалы ғылыми зерттеулер


1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

2. Қорғаныс-өнеркәсіптік кешенін, қаруландыру және әскери техниканы, әскери-ғарыштық технологияларды дамыту


3. Әскери қауіпсіздік және әскери өнер салаларындағы зерттеулер

4. Ланкестік пен экстремизмге қарсы іс-қимыл, барлау және қарсы барлау қызметі

5. Құқық қорғау органдарының қызметтерін қамтамасыз ету


 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	11-бет, 43 беттен тұрады

- 5 Гранттық қаржыландыруға арналған өтінімнің нысаны мен мазмұнына талаптар, қоса қаржыландырудың көлемі және жағдайлары**
- 5.1 Гранттық қаржыландыруға арналған өтінім мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады
- 5.2 Конкурсқа қатысу өтінімдері 1-қосымшаның талаптарына сәйкес болуы керек және осы конкурстық құжаттамаға 2-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес жасалады. Жобаның ілеспе хаты, қысқаша сипаттамасы және өтінімі Конкурстық құжаттамаға 3, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалады.
- 5.3 Өтінімдер қағаз және электронды түрде екі данада университеттің Ғылым департаментіне тапсырылады.
- 5.4 Мерзімнің аяқталуынан кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайды.
- 5.5 Гранттық қаржыландыруға арналған өтінім жобаны іске асыру мерзімі 1 жылдан аспауы туралы ақпаратты қамтуы керек.
- 5.6 Өтінім тігіліп, қағаз пломбасымен бекітілу керек, пломбаның үстінде тігілген және нөмірленген парақтар жайлы жазба болу керек және өтінім берушінің уәкілетті тұлғасының дөңгеленген мөрмен қоса қолымен расталған (заңды тұлғалар үшін) немесе белгіленген тәртіппен расталған жеке тұлғаның қолы болуы тиіс.
- 5.7 Өтінім берушінің авторлық және/немесе басқа да құқықтарына зиян тигізетін әлеуетті әшкерелеу, мемлекеттік және коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат өтінімде болмауы тиіс.
- 5.8 Өтінімнің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:
- жалпы ақпарат;
 - жобаның сипаттамасы;
 - зерттеу әдістері және этикалық мәселелер;
 - жобаны жоспарлау және басқару;
 - зерттеушілер тобы;
 - зерттеу ортасы;
 - күтілетін нәтижелер;
 - библиография;
 - қосымшалар.
- 5.9 Келесі талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдер өтінім берушілерге қайтарылады:
- 1) өтінімді ресімдеуі осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер;
 - 2) талап етілген құжаттардың толық емес көлемде ұсынылған өтінімдер;
 - 3) плагиат және өтінім тақырыбының немесе мазмұнының мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамаға бұрын немесе бір уақытта берілген объектілерімен қайталану фактілері анықталған өтінімдер (көрсетілген фактілер болған жағдайда дәлелдер, негіздемелер келтірілуі, оның ішінде техникалық құралдарды қолдану және мамандануы мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектісіне сәйкес келетін тәуелсіз мамандарды тарту арқылы келтірілуі тиіс);
 - 4) электрондық нұсқасы қағаз нұсқасына сәйкес келмеген өтінімдер;
 - 5) ғылыми этиканы бұзу фактілері анықталған өтінімдер;
 - 6) Бұрын университеттен қорынан қаржыландырылған немесе қаржыландырылып отырған жобаларға арналған өтінімдер.
- 4.10 Өтінім мәліметтерге қосымша жобаны ішінара қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін жеке әріптес

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	12-бет, 43 беттен тұрады


тарапынан қоса қаржыландыруды тарту туралы мәліметтер бере алады. Олардың іске асыру мерзімдері мен салым сомасы көрсетілген қоса қаржыландыру туралы келісім тараптар ниеттерін растау болып табылады. Жеке әріптестің болуы өтінімді қарауда және гранттық қаржыландыру алатын жеңімпазды айқындауда басым шарттардың бірі болып табылады.

- 6 Әлеуетті орындаушыларға қойылатын біліктілік талаптар, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де мәліметтер мен ерекше талаптар және қаржыландыру сомасы**
- 6.1 Жобаның ғылыми жетекшісінің ғылыми жұмыс өтілінің тәжірибесі кемінде 5 (бес) жыл, ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/ғылым кандидаты) немесе философия докторы (PhD) дәрежесі немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі болуы тиіс.
- 6.2 Жетекшінің ғылыми зерттеулер саласы және (немесе) оның ғылыми жұмысының тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі тиіс
- 6.3 Жобаның жетекшісі 2012 жылғы 1 қаңтардан басталған кезеңнен өтінім берген сәтке дейін:
- 1) жаратылыстану, медициналық, нақты және техникалық ғылымдар салалары үшін: іргелі зерттеулер үшін: Web of Science немесе Scopus деректер базасымен индекстелетін рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланым, сондай-ақ шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланым, және отандық басылымдарда кемінде бір жарияланым;
қолданбалы зерттеулер үшін: Web of Science немесе Scopus деректер базасымен индекстелетін рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланым, немесе кемінде бір қорғау құжаты, сондай-ақ шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланым, және отандық басылымдарда кемінде бір жарияланым;
- 2) қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар, ауыл шаруашылығы, ветеринарлық ғылымдар саласындағы бағыттар үшін - шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланым, сондай-ақ кемінде бір қорғау құжаты немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру және ғылым саласын бақылау комитетімен (бұдан әрі – БҒСБК) ұсынылған отандық журналдарда кемінде бір жарияланым, және отандық басылымдарда кемінде бір жарияланым болуы тиіс.
- 6.4 Жеке тұлға (зерттеу тобы мүшелерінің ішінен), оның ішінде ұйымның басшылары, осы жобаның іске асырылу кезеңі мен осы конкурстың шеңберінде екіден аспайтын жобаның ғылыми жетекшісі болуға немесе бірден аспайтын жобаның ғылыми жетекшісі және бірден аспайтын жобаның орындаушысы болуға құқылы.
- 6.5 Ғылыми жетекшісі болып табылмайтын жеке тұлға (зерттеу тобы мүшелерінің ішінен) 2 (екіден) аспайтын жобаға орындаушы болуға құқылы.
- 6.6 Ғылыми-зерттеу бағдарламалары бойынша жұмыс уақытша ғылыми-зерттеу тобын (УҒТ) құру қағидаттары бойынша жүргізілуі керек. Құрылған УҒТ құрамына университет қызметкерлері, сонымен қатар оқытушы құрамның жас ғалымдары кіруі керек. Ғылыми-зерттеу тобының құрамына шетелдік ғалымдар, сондай-ақ өндірістен инженерлер, коммерцияландыру бойынша мамандар/брокерлер тартылуы мүмкін.
- 6.7 Жобаның кемінде 50% орындаушысы 40 жасқа дейінгі жас мамандар, оның ішінде PhD докторлары, магистранттар, студенттер болуы қажет.
- 6.8 Жобаға сұраныс берілген қаржыландыру көлемі кемінде 1 млн. теңге және жылына 3 млн. теңгеден аспауы тиіс. Зерттеудің негізгі нәтижелері қаржыландырудың бөлінген көлемімен теңестірілуі тиіс.
- 6.9 Қаржыландыру көлемі талап етілген қаржыландыруға сәйкес қатаң түрде анықталады және теңдерлік өтінімге сәйкес жоба жетекшілеріне бөледі. Қаржыландыру ғылыми,


 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	13-бет, 43 беттен тұрады

ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыру конкурсына қатысуға өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығыстарға бөлінеді.

- 6.10 Зерттеу нәтижелері болмаған кезде, ғылыми-зерттеу жұмыстарының кестесін өрескел бұзған және ҒТК шешімдерінің негізінде есептік құжаттаманы уақтылы тапсырмаған жағдайда, Конституциялық комиссия ректордың бұйрығымен жоба жетекшісіне алдын ала 7 күнтізбелік күн бұрын хабарлау арқылы қаржыландыруды тоқтата тұруға құқылы.
- 6.11 Байқаудың міндетті шарттары - бұл қысқа мерзімдегі ғылыми зерттеулер нәтижелерінің өзін-өзі қамтамасыз етуі.
- 6.12 Университетшілік ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсы (УҒЖК) университеттің ғылыми, білім беру және басқа бөлімдері мен университеттің серіктестері негізінде жұмыс істейді және зерттеу аяқталғаннан кейін тоқтатылады. УҒЖК өз қызметінде тәуелсіз болып табылады, ол мыналарды көздейді:
- 1) өзін-өзі басқару және өзін-өзі ұйымдастыру құқығы;
 - 2) жұмысты өз бетінше жоспарлау және бекітілген құжаттаманың шеңберінде ғылыми, әдістемелік және қаржылық-шаруашылық қызмет мәселелерін шешу құқығы;
 - 3) кадрларды іріктеу құқығы, жалақы қорын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте бөлу құқығы.
- 6.13 УҒЖК құрамы ректор – Ғылыми Кеңес төрағасының бұйрығымен бекітіледі және ҒЗЖ қажеттіліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін. УҒЖК құрамына өзгерістер ректор – Ғылыми Кеңес төрағасының бұйрығымен, УҒЖК отырысының хаттамасына және ғылыми жетекшінің баяндамасына негізделеді.
- 6.14 УҒЖК құрамындағы жұмысты қызметкерлер негізгі жұмыс уақытында негізгі жұмысынан босатусыз жүзеге асырады және қосымша жұмыс болып саналмайды.
- 6.15 Жобаны іске асыру барысындағы шығындарға келесі шығындар енгізіле алады:
- 1) еңбекақы – барлық салықтар мен өзге де бюджетке тиісті төлемдерді ескере отырып, ғылыми зерттеуді жүргізуге қатысқан зерттеу топ мүшелерінің еңбегіне сыйақы;
 - 2) ғылыми іссапарларлар – зерттеулер жүргізумен байланысты іссапарлар, олардың өтеуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген іссапар шығындарын өтеу нормаларынан аспау тиіс;
 - 3) бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер – ұжымдық пайдаланылатын ғылыми зертханалар, өзге зертханалар көрсететін, зерттеулерді орындауға қажетті қызметтер, өзге де ұйымдар көрсететін қызметтер, оның ішінде конференцияларға қатысу үшін ұйымдастыру жарналары.
Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (аутсорсинг) орындауды қамтитын бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер жұмыстың орындаушыларын және жұмыстың түрлері, көлемдері, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып, ұсынылады;
 - 4) материалдар сатып алу – зерттеуді жүргізу үшін жұмсалатын материалдарды сатып алу.
 - 5) жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыздандыруды сатып алу (заңды тұлғалар үшін).
 - 6) ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу – жүзеге асырылатын жобаның ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша жарияланымдарды дайындауға және оларды жариялауға шығындар, жүзеге асырылатын жоба бойынша алынған нәтижелерді патенттеу; аналитикалық материалдарды сатып алу, сондай-ақ жобаны сүйемелдеу бойынша өзге қызметтер үшін шығындар;

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	14-бет, 43 беттен тұрады

- 7) зерттеуді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы жалға алу;
- 6.16 Гранттық қаржыландыруға бөлінген қаражатты тиімсіз және негізсіз пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке жауапты болады.
- 6.17 Жалақы қорын бөлу (әр қызметкерге жалақы мөлшерін айқындау) УҒЖК жалпы жиналысында зерттеу жұмыстары басталғанға дейін әр қызметкердің жауапкершілігі шеңбері мен зерттеу жетекшісінің қалауы бойынша жасаған жұмысының көлемін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттар шеңберінде кадр және есеп бөлімдерімен келісе отырып жүзеге асырылады.
- 6.18 УҒЖК жалпы жиналысының хаттамасы келесі мазмұндағы қызметкерлермен еңбек шарттарын тіркеуге негіз болып табылады:
- 1) жауапкершілік аймағы, әр қызметкердің функциялары;
 - 2) лауазымына сәйкес УҒЖК-ның әр қызметкеріне төленетін сыйақы мөлшері;
 - 3) жұмысшыларға еңбекақы төлеу тәртібі мен шарттары.
- 6.19 Зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде еңбекақы қорын қайта бөлу кадр бөлімімен және бухгалтерлік есеп негізінде қызметкерлермен еңбек келісім-шарттарына тиісті өзгерістер енгізумен жүзеге асырылуы мүмкін.
- 6.20 Әзірленбеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жалақы қорына аударылып, УҒЖК мүшелеріне сыйақы түрінде берілуі мүмкін.
- 6.21 УҒЖК қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді есеп бөлімі тоқсан сайын аяқталған жұмыс актілері негізінде (6 қосымша) және УҒЖК хаттамасына және аннотацияланған есепке, күнтізбелік жоспарға сәйкес жүзеге асырады.
- 6.22 Жоба шеңберінде мемлекеттік ұйымдар сатып алған жабдықтар, құралдар және (немесе) қондырғылар университеттің балансына алынады.
- 6.23 Жобаның жүзеге асырылуы және/немесе аяқталғаннан кейін ғылыми жұмыс басылымы кезінде авторлар нөмірін көрсету арқылы ұтып алынған грантқа сілтеме жасауға міндетті.
- 6.24 Зерттеу тобының мүшелері қажет болған жағдайда жүргізіліп жатқан жоба шеңберінде халықаралық конференцияларға қатысып немесе жетекші шетел ғылыми орталықтарында және ұйымдарында немесе шетел ғылыми зертханаларында шетелдік ғылыми тәжірибеден өте алады.
- 6.25 Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша нәтижелер жаңа ғылыми білім (басылымдар, қорғау құжаттары) түрінде немесе дайын ғылыми-техникалық өнім (жаңа технологиялар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-құрылымдық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, географиялық, геологиялық және басқа да карталар, жаңа материалдар, препараттар, құралдар және т.б.) ретінде ұсынылуы тиіс.
- 6.26 Ұлттық компаниялардың немесе нақты сектордың немесе өтінім беруші не бизнес-әріптестің қаражатын тарту арқылы қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша нәтижелер автоматтандырылған және бағдарламалы-технологиялық кешендерін, жүйелердің бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған өнімдерін (тәжірибелік-құрылымдық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, автоматтандырылған және бағдарламалы-технологиялық кешендер, эксперименттік және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріс және т.б.) құруға дайын болуы қажет.
- 6.27 Жоба шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамамен белгіленген тәртіппен міндетті түрде ҰМҒТС-да мемлекеттік есепке алынуы тиіс
- 6.28 Қаржыландыру конкурсының нәтижесі Университеттің ҒТК шешімі болып табылады. Қабылданатын шешімдердің негіздемесін, университеттің ҒТК-де қарастырылған байқаудың жеңімпаздары туралы ақпараттар, қорытынды ұпайлар және қабылданбаған өтінімдердің тізімдері бес жұмыс күннің ішінде университеттің

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	15-бет, 43 беттен тұрады

сайтында жарияланады.

6.29 Гранттық қаржыландыруға арналған конкурс жеңімпаздарымен ғылыми және ғылыми-техникалық жобаны жүзеге асыру үшін өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін келісімшарт 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

7 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысу өтінімі нысанының талаптары

7.1 Гранттық қаржыландыру бойынша конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізімі:

1) Жоба бойынша ұсынылған ақпараттың анықтылығын растау, сондай-ақ ғылыми этика қағидаттарын, оның ішінде ғылыми этиканы бұзу фактілерін (ғылыми деректерді фабрикациялау, зерттеу деректерді бұрмалауға апаратын фальсификациялау, плагиат пен жалған тең авторлық, қайталауы, өзгелердің нәтижелерін иемдену және т.б.) болдырмауды сақтау, бұрын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмағаны туралы арыз. Аталған жобаны орындаушылар аталған конкурс шеңберінде басқа ғылыми ұйымдардың немесе жоғары оқу орындардың атынан толық немесе ішінара конкурстық жобаларды/өтінімдерді бермегені туралы кепілдік. Жетекшінің диссертация қорғаған ғылыми мамандығы, сондай-ақ оның ғылыми жұмыс тәжірибесі ғылыми жоба бейініне сәйкес келетініне кепілдік.

2) Жобаның қысқаша сипаттамасы;

3) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

4) Этика мәселесі бойынша орталық және жергілікті комиссияның мақұлдаған тұжырымының болуы (биомедицина бойынша адамдар мен жануарларға зерттеу жүргізу үшін);

